



4 Moldashev, A.B. AIC of Kazakhstan: problems and solutions: monograph.- Almaty: Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development, 2017.- 150p.

5 Nikitina, G.A. The impact of integration processes within the EAEU on the development of sensitive sectors of agricultural production of the Republic of Kazakhstan / G.A. Nikitina // Problems of AgriMarket. -2018.- №. 3.- P. 7-17.

6 Zholmukhanova, A.Zh. Food security in Kazakhstan: situation, problems and ways to solve them / A.Zh. Zholmukhanova, A.Zh.Koitanova//Problem of AgriMarket.- 2018.- №3.-P.23-29.

7 Abasheva, O. Ensuring import substitution in the region to solve the problem of food security / O.Abasheva, S.Sulayev // AIC: economics, management.- 2019.- №1.- P.4-14.

8 Ushachev, I. Relevant directions of improving agricultural policy of Russia / I.Ushachev, A.Serkov, V. Maslova, V. Chekalin // AIC: economics, management.-2019.- №3.- P.4-16.

9 Kaliev, G.A. Relevant issues of agribusiness development in Kazakhstan: monograph. - Almaty: Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development, 2013.- 23p.

FTAMP 06.52

ӨОЖ 330.322

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

**INNOVATIVE PROCESSES IN AGRICULTURAL SECTOR OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND SOLUTIONS**

Б.С. МЫРЗАЛИЕВ*

э.ғ.д., профессор

Е.Т. АБИЛКАСИМОВ

PhD докторанты

Л.Т. ТАЙЖАНОВ

PhD докторы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан, Қазақстан

borash2006@mail.ru

Б.С. МЫРЗАЛИЕВ

д.э.н., профессор

Е.Т. АБИЛКАСИМОВ

докторант PhD

Л.Т. ТАЙЖАНОВ

доктор PhD

Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмета Ясауи,

Туркестан, Казахстан

B. MYRZALIYEV

Dr.E.Sc., Professor

Y. ABYLLKASYMOV

PhD student

L. TAIZHANOV

PhD

International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi,

Turkistan, Kazakhstan

Аңдатпа. Агроөнеркәсіптік кешендегі инновациялық үдерістер зерттелген. Экономиканың аграрлық секторында технологиялар трансфертінің ерекшеліктері анықталған. Жоғары технологиялық жүйенің даму көрсеткіштері қаралған. Инновация типтерінің жіктелімі келтірілген. АӨК



инновациялық қызметті пайдаланудың экономикалық тетігінің моделі әзірленген. Қазақстанның агроөнеркәсіптік өндірісіндегі жаңалықтарды пайдалануды арттыру жолдары ұсынылған. Шаруашылық жүргізуші субъектінің инновациялық саясатына әсер етудің әртүрлі нұсқалар сценариілерін есепке алуға мүмкіндік беретін факторларды бағалаудың әдістемелік тәсілдері бөлінген. Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кәсіпкерлік қызметіндегі инновациялардың орны мен рөлі көрсетілген. Жұмыс істеудің оңтайлы параметрлеріне қол жеткізу үшін оларды инвестициялау бағыттарын анықтауға ғылыми тәсілдер әзірленген. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын дамытудың инновациялық-инвестициялық жобалары және аграрлық сектордағы серпінді технологияларды қалыптастырудың басымдықтары негізделген. Ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы тауар өндірушілердің бәсекелестік позицияларын жақсартатын отандық АӨК-дегі базистік және жақсартушы инновациялар ұсынылған. Аграрлық саладағы инновациялық белсенділікке әсер ететін жаңашылдықтар мен факторларды қолдану негізінде агроөнеркәсіптік кешеннің қазіргі заманғы инфрақұрылымының ерекшелігі анықталды. Мақалада ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жаңашыл бастамалардың өсуі үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің рөлі маңызды орын алады. Республиканың ауыл шаруашылығының жетекші салаларында жаңалықтарды енгізу тәжірибесін ынталандыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін елдің аграрлық секторында инновациялық қызметті басқаруды ұйымдастыру моделі ұсынылды.

Аннотация. Исследованы инновационные процессы в агропромышленном комплексе. Выявлены особенности трансфера технологий в аграрном секторе экономики. Рассмотрены показатели развития высокотехнологической системы. Приводится классификация типов инноваций. Разработана модель экономического механизма использования инновационной деятельности в АПК. Предложены пути повышения использования нововведений в агропромышленном производстве Казахстана. Выделены методические подходы к оценке факторов, позволяющих учитывать разнвариантные сценарии воздействия на инновационную политику хозяйствующего субъекта. Показаны место и роль инноваций в предпринимательской деятельности субъектов сельского хозяйства. Разработаны научные подходы к определению направлений их инвестирования для достижения оптимальных параметров функционирования. Обоснованы инновационно-инвестиционные проекты развития сельскохозяйственных предприятий и приоритеты формирования прорывных технологий в аграрном секторе. Представлены базисные и улучшающие инновации в отечественном АПК, улучшающие конкурентные позиции товаропроизводителей на внутреннем и внешнем продовольственных рынках. Определена специфика современной инфраструктуры агропромышленного комплекса на основе применения новшеств и факторы, влияющие на инновационную активность в аграрной сфере. Важное место в статье отводится роли государственно-частного партнерства для роста новаторских инициатив в сельскохозяйственном производстве. Предложена модель организации управления инновационной деятельностью в аграрном секторе страны, позволяющая создать условия для стимулирования практики внедрения новшеств в ведущих отраслях сельского хозяйства республики.

Abstract. The innovative processes in agricultural sector are investigated. The features of technology transfer in agricultural sector of economy are revealed. The development indicators of a high-tech system are considered. The classification of innovation types is given. A model of the economic mechanism for the use of innovation in agricultural sector has been developed. The ways of increasing the use of innovations in agricultural production of Kazakhstan are proposed. Methodological approaches to assessing factors that allow taking into account diverse scenarios of impact on innovation policy of economic entity are highlighted. The place and role of innovation in the entrepreneurial activity of agricultural entities are shown. Scientific approaches have been developed to determine the direction of their investment in order to achieve optimal functioning parameters. Innovation and investment projects for the development of agricultural enterprises and priorities for the development of breakthrough technologies in agricultural sector are justified. The basic and improving innovations in domestic AIC are presented, which improve the competitive position of commodity producers on domestic and foreign food markets. The specificity of the modern infrastructure of agro-industrial complex based on the application of innovations and factors affecting innovative activity in agricultural sector is determined. An important place in the article is given to the role of public-private partnerships aimed at the growth of innovative initiatives in agricultural production. A model for organizing the management of innovative activities in agricultural sector of the country is proposed, which allows creating conditions for stimulating the practice of introduction of innovations in the leading agricultural sectors of the republic.



Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, агроөнеркәсіптік кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, инновациялық процестер, модельдер, инфрақұрылым, азық-түлік нарығы, басқару, бәсекелестік позициялар.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, агропромышленные предприятия, сельхозтоваропроизводители, инновационные процессы, модели, инфраструктура, продовольственный рынок, управление, конкурентные позиции.

Key words: agro-industrial complex, agro-industrial enterprises, agricultural producers, innovative processes, models, infrastructure, food market, management, competitive positions.

Кіріспе. Ел экономикасының инновациялық дамуы Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан экономикасын жаңғырту стратегиясында айқындалған дамудың инновациялық үлгісіне дәйекті түрде көшуі кәсіпорындардың инновациялық үдерістерінің тұрақты және ұзақ мерзімді серпінін стратегиялық қолдау мәселесін шешуге бастама жасайды.

Экономикалық мәселелердің күрделілігі өнеркәсіптік кәсіпорындарды дамытудың негізгі кезеңдерінің бірі өндірістік және экономикалық қызметтің жүйелік қайта құруларының жүзеге асырылуы болды. Қазақстанның ерекшелігі көптеген ұйымдардың сыртқы ортада болып жатқан түбегейлі өзгерістермен қатар жүйелік өзгерістерді қажет ететіндігінде. Елдің дамуы кәсіпорындардың тиімділігімен және ұйымдар қиын жағдайларда өмір сүріп қана қоймай, сонымен бірге қайта құрудың белсенді стратегиясын ұстану.

Аграрлық кәсіпорындар ішкі жүйелік қайта құру кезеңінде ұзақ мерзімді іс-шараларды жүзеге асыру үшін инвестициялардың жеткіліксіз болуынан қауіптеніп, қаржылық сауықтырудың қысқа мерзімді іс-шараларында күш-жігерін шоғырландырады. Алайда дағдарысты еңсеру үшін инновациялар есебінен нарықтық құнның өсуіне бағдарланып, инновациялық жобаларды іске асыратын кәсіпорындар да бар, бұл өзінің одан әрі дамуы үшін көп қаражат тартуға мүмкіндік береді.

Аталған мән-жайлар экономикалық тұжырымдарды одан әрі теориялық тұрғыдан пайымдаудың маңыздылығын алдын ала анықтайды, осыған сәйкес жүйелі қайта құрулар негізінде агроөнеркәсіптік кәсіпорындарды дамытудың инновациялық моделін қалыптастыру болашақта оларды дамудың жаңа деңгейіне шығару тетігіне айналады, бұл өз кезегінде зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жүргізілген зерттеулер зерделенген нысан

дар мен үдерістер жүйелі ғылыми көзқарастарға негізделген. Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының инновациялық дамуының тұжырымдамалық үлгілерін және олардың агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің инновациялық даму ерекшеліктерінің жұмыс жағдайындағы өзгеруіне бейімделуін, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенің инновациялық әлеуетін бағалау үшін диалектикалық, аналитикалық, логикалық, есептеу-конструктивті, монографиялық, экономикалық-статистикалық және басқа экономикалық зерттеу әдістері пайдаланылды.

Агроөнеркәсіптік кешеніне қатысты инновациялық үдеріс ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді өсімдіктердің, жануарлардың тұқымдары мен түрлерінің жаңа немесе жақсартылған сұрыптарына, жаңа немесе жақсартылған тамақ өнімдеріне, өсімдік шаруашылығындағы, мал шаруашылығындағы және қайта өңдеу өнеркәсібіндегі дайындамалар жасауға, өсімдіктер мен жануарларды қорғаудың жетілдірілген технологияларына, жаңа тыңайтқыштар мен құралдар шығаруға, жануарлар мен құстар ауруының алдын алу мен емдеудің жаңа әдістерін, экономиканың түрлі салаларын ұйымдастыру мен басқарудың жаңа нысандарын, әлеуметтік қызметтерге жаңа тәсілдерді, өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан жаңа әдістемелер тиімді дамып келе жатқан аграрлық секторды қалыптастыру үшін инновациялық жүйе тұжырымдамасын пайдалану дамудың шешуші факторына айналған ғылымның жаңа рөлімен ғана емес, экономиканың осы секторының дамуына барынша әсер ететін болып жатқан өзгерістермен де байланыстырады.


Нәтижелер және оларды талқылау. Әлемдік экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде ғалым-экономистердің назарында жаһандық бәсекелестік жағдайында компаниялардың табысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын жаңа білім мен технологияларды құру үдерісі жатыр. Бұл үдеріс инновациялық дамудың маңызды элементі болып табылады, сондықтан



айқындауға болады. Нарық жағдайында жаңашылдық инвестициялар мен жетілдірілген инновациялық аталған қызметтің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ретте аталған құрамдастардың әрқайсысы өз нарығын қалыптастырады және тиісті инфрақұрылыммен байланысты болады (1 сурет).

Кең қолданылатын тағы бір ұғымға тоқталған жөн, алайда, алдыңғы жағдайдағыдай, әр түрлі ғылыми мектептер әр түрлі мағынада түсінетін, - «инновациялық жоба» ұғымында. Бүгінгі күні бұл ұғымның әмбебап анықтамасы да жоқ.

Біздің ойымызша, инновациялық жоба келесі негізгі қағидаттарға негізделуі керек: мақсатты; адамдардың қажеттіліктері мен тілектеріне сәйкестігі; қарапайымдылығы; ең аз шығындармен жобаны енгізу; шектеулі өткізу нарықтарында көшбасшылық.



1 сурет – Инновациялық қызмет салалары

терде әлі күнге дейін инновациялардың
желілік үлгілері әлі де болса басым
екендігін айта келіп, бұл экономиканың
негізгі ресурсы білім болып саналатын-
дығын естен шығармау керек.

Басқа салалардағыдай, экономиканың аграрлық саласында да инновациялық үдеріске жаңа технологияны енгізу, оны нарыққа шығару, тұтынушыларды пайдалану мен оны қолдау кіреді. Инновациялық үдеріс әр түрлі деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін: мемлекеттік, аймақтық, аудандық және кәсіпорындық. Қамту және ауқым тұрғысынан ол кластерлік (салааралық) және салалық болуы мүмкін.

Аграрлық салада инновацияларды қайта құру үдерісінде соңғылары бірнеше аралық жай-күйден өтеді: қажеттілік идея-сы; идеяның жобалық және технологиялық көрінісі; тәжірибелік және топтық үлгілер; жаңа тауар, технологиялық үдерістің жаңа бөліктері немесе тұтынушының жаңа технологиясы; жаңа әлеуметтік-экономикалық нәтиже [4].

Аграрная политика: механизм реализации



Өзінің табиғаты бойынша «инновациялардың таралуы» ұғымын бір жағынан кеңею және кеңейту үдерісі ретінде түсіндіруге болады, нәтижесінде инновациялар бір жерден екінші жерге құйылады, сол уақытта олардың құбылыстары немесе нысандары олардың аймағында сақталады, екінші жағынан, қозғалыс үдерісі ретінде -

кеңістіктегі таралуы, бұл кезде инновациялар пайда болған аумақты тастап, жаңа өңірлерге жылжиды.

Қазіргі заманғы инновациялық үлгінің негізгі стратегиялық бағыттары мен ерекшеліктеріне назар аударып, олардың сипаттамаларын келесідей жасауға болады (1 кесте).

1 кесте – Инновациялық үдеріс үлгілерінің ерекшеліктері мен стратегиялық бағыттары

Стратегиялық бағыттар	Ерекшеліктері
Уақытқа негізделген стратегия	Жоғары ұйымдастырушылық және жүйелік интеграция
Сапа және басқа бағалық емес факторларға негізделген – сапаны жан-жақты басқару (Total quality management)	Өзгерістерге тез ден қоюға болатын икемді ұйымдық құрылым
Корпоративтік икемділік	Толық дайындалған мәліметтер базасы
Тұтынушы – стратегияның маңызды буыны	Тиімді сыртқы байланыс арналары
Ірі жеткізушілермен стратегиялық интеграция	Жеткізушілер ерекшеліктерін толық білу
Көлденең технология бойынша ынтымақтастық стратегиясы	Ынтымақтастықты жаңа деңгейі
Деректерді электрондық өңдеу стратегиясы	Ақпараттық технологиялардағы жаңа жүйелер
Ескерту – Авторлардың сараптамалық зерттеулері негізінде құрастырылған	

Талдау көрсеткендей, инновациялық үлгідегі экономиканы дамытуда ғылыми ресурстарды біріктіре алатын қабілетті инфрақұрылым құру маңызды рөл атқаратыны анықталды. Инновациялық инфрақұрылым инновациялық қызметті тиімді жүзеге асыруға және инновацияларды енгізуге қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі құрал мен тетік болып табылады. Сондықтан инновациялық инфрақұрылымды дамыту инновациялық қызметті қолдауға және дамытуға бағытталған консалтингтік, ақпараттық, қаржылық және басқа да қызмет түрлерін көрсететін ұйымдардың желісін құруды көздейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесінің тұжырымдамалық негіздерін қалыптастыру ерекше өзектілікке ие. Мұны тұрақты экономикалық өсу тұжырымдамасын іске асыру және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүзеге асыру қажет. Инновациялық даму нәтижелілігінің бірқатар көрсеткіштері бойынша Қазақстан дамыған елдерден айтарлықтай артта қалып отыр. Мәселен, біздің елімізде ұлттық инновациялық жүйені дамытудың әзірленген әдіснамалық негіздері әлсіз, отандық инновациялық саланың пәрменді институттарын құру мәселесі әлі де толық шешілмей келеді.

Дамыған елдердің тәжірибесі озық инновациялық инфрақұрылымның бар болуының айқын артықшылықтарын растайды. Сондықтан елдің инновациялық экономикасының тиімді жұмыс істеуі үшін инновациялық инфрақұрылым қызметтері

толық қамтылуы тиіс. Қазақстанда венчурлық компания, «әуел бастан қаржыландыру» қорлары, бизнес-инкубаторлар сияқты инновацияларды қолдау институттарын қалыптастыру саласында шет елдердің тәжірибесі пайдаланыла бастағаны мәлім. Дегенмен, инновациялық инфрақұрылым – бұл инновациялық экономиканың негізгі құрамдас бөлігі, қоғамның инновациялық әлеуеті екендігін, осы түсінікке сүйене отырып, инновациялық инфрақұрылымды жетілдіруде инновациялық қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті және жеткілікті ұйымдар мен басқару институттарын қоса алғанда, оларды өзара байланысты өндірістік және техникалық жүйелер жиынтығы деп түсінген жөн [5].

Инновациялар саласындағы отандық кәсіпорындардың мүдделері негізінен ескірген жабдықтарды ауыстыруға, ал шетелдік кәсіпорындардың өнімді ілгерілетуге және көптеген жағдайларда ескірген технологияларды қазақстандық нарыққа ауыстыруға негізделеді. Өкінішке орай, бұл жағдайда инновациялық сала өндірістік сектордан бөлініп қаралғаны кері нәтижелер беруін ескеру керек [6].

Сонымен, инновациялық үлгідегі экономиканың дамуында ғылыми ресурстарды біріктіруге қабілетті инфрақұрылымды құру маңызды рөл атқарады. Бұл инновациялық инфрақұрылым инновациялық қызметті тиімді жүзеге асыруға және инновацияларды енгізуге қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі құрал мен тетік болып табылады. Сондықтан кез келген басқа елдегі



Аграрная политика: механизм реализации


сияқты Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының өз ерекшеліктерін де ескеру қажет.

Отандық және әлемдік тәжірибе терең тоқырау мен дағдарыс кезеңінде аграрлық кәсіпорындардың инновациялық саясаты мен өндірушілердің ғылыми-техникалық үдерісті дамытуды ынталандыруға және жандандыруға уақытылы бағдарлануы экономиканы тұрақсыздандыру салдарын тезірек және аз шығынмен еңсеруге және оның дамуын сенімді алға жылжытуға мүмкіндік беретіндігін көрсетеді [7].

Агроөнеркәсіп кешенінде технологиялық жетілдірілген өнім – бұл қолда бар, са-

палық немесе құндық сипаттамалары, оның айтарлықтай жақсару негізінде пайдалану есебінен неғұрлым тиімді құрам-дары мен материалдары, ішінара өзгеріс-тер бір немесе бірқатар техникалық ішкі жүйелерін өзгертетін өнім деп сипаттауға болады [8].

Жүйелі қайта құруды басқаруды жетілдіру жағдайында аграрлық кәсіпорындарды инновациялық дамытуды әдіснамалық әдістер негізінде жасалып ұсынылған тұжырымдамасы кәсіпорынның тұрақсыз жағдайдан әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуға көшуі көрсетілген (2 сурет).



2 сурет – Аграрлық кәсіпорындарды дамытуды инновациялық басқару тұжырымдамасы

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын дамытудың инновациялық үлгісін қалыптастыру факторларына мыналар жатады: ғылыми-техникалық үдерістің серпіні; тәуекелдерді есепке алу; инновациялық әлеуеттің мүмкіндіктері; инвестициялық қажеттіліктер мен мүмкіндіктер; қаржылық тұрақтылық және кәсіпорынның дамуы. Ал инновациялық дамуды басқару өлшеу, жүйелілік, тиімділік, шектеулілік қағидаттарды қамту керек.

Жүргізілген зерттеулер ауыл шаруашылығында қатаң ресурстық шектеулілік жағдайында басым инновациялық жобаларды тәуелсіз сараптамалық бағалау негізінде іріктеумен қатар, оларды әзірлеу мен іске асыруға жүйелі тәсілді пайдалану қажет екендігі анықтады.

Жобалау сатысында бұл инновациялық идеяның тұжырымдамасынан бастап өнімге немесе технологияға нарықтық тауашаны және сұраныс әлеуетін айқындауға дейінгі болашақ іске асырудың барлық кезеңдеріне қатысты ғылыми, техникалық-

технологиялық, ұйымдық-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы барлық іс-шараларды негіздеуді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тиімділік пен экологияға жаңалықтардың әсерін болжайды.

Іске асыру сатысында жүйелік тәсіл инновациялық жобаның жекелеген кезеңдері бойынша ресурстарды толық және теңгерімді бөлуді, инвестицияларды игеруде уақытша үйлесімділікті сақтауды көздейді. Отандық және шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жекелеген құрамдас-тарды оқшауланған инновациялық жетілдіру жиынтық нәтижелердің түбегейлі өсуін қамтамасыз етпейді [9].

Аграрлық кәсіпорындардың экономикалық жай-күйін зерделеу кезінде жүйелі қайта құрудың тиімділігін бағалау үшін экономикалық тұрақтылық, теңгерімнің өтімділік, рентабельділік, айналым активтерін пайдалану, банкроттықтың басталу ықтималдығы көрсеткіштері бөлініп, талданды. 2 кестеде осы көрсеткіштердің шекаралық мәні ұсынылды.

2 кесте – Аграрлық кәсіпорындарды экономикалық тұрақтылық топтары бойынша бөлуге арналған көрсеткіштердің мәні

Көрсеткіштер	Кәсіпорындардың әрбір тобы көрсеткіштерінің мәні		
	дағдарыс жағдайындағы кәсіпорындар	тұрақсыз жағдайындағы кәсіпорындар	тұрақты жағдайдағы кәсіпорындар
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	<1,0	1,0-1,5	1,5-2,0
Қарыз және меншікті қаражат арақатынасы коэффициенті	>1,0	0,7-1,0	<0,7
Айналым капиталының айналым коэффициенті	20%	42%	100%
Активтердің рентабельділік коэффициенті	5%	12%	28%
Альтманның бесфакторлық моделі	$Z < 1,81$	1,81-2,99	$Z > 2,99$
<i>Жүйелік қайта құру бағыты</i>	<i>Қозғалтқыш күшті</i>	<i>Алдын алу</i>	<i>Озыңқы</i>

Көрсеткіштердің алынған мәндерінің негізінде біз жүйелік өзгерістердің мынадай бағыттарын ұсынамыз: озыңқы, алдын алатын және қозғалтқыш күшті.

Жүйелі қайта құрудың озыңқы бағыты икемділік саясатын жүзеге асыруды (сыртқы және ішкі ортаның өзгермелі жағдайларына жедел бейімделуін қамтамасыз ету) және тәуекелдерді белсенді басқаруды көздейді. Мұндай жағдай дағдарыс басталғанға дейін жүзеге асырылатын кәсіпорынды инновациялық басқаруға сәйкес келеді. Озыңқы жүйелі қайта құрулар кәсіпорынның экономикалық даму қарқынын арттыруға, ұзақ мерзімді перспективада оның нарықтық құнын тиісті ұлғайтуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Алдын алу (ескерту) бағыты кәсіпорынның жай-күйіне терең талдау жүргізуді және оның дамуындағы дағдарысты үрдістерді анықтауды көздейді. Бұл бағыт кәсіпорынның ағымдағы төлем қабілетсіздігін жоюға, кәсіпорынның ағымдағы сыртқы және ішкі экономикалық міндеттемелерін азайтуға және осы міндеттемелерді қамтамасыз ететін ақша активтерін ұлғайтуға бағытталған шаралар жүйесін білдіреді.

Қозғалтқыш күшті бағыт – бұл «қаржылық шұңқырда ұйықтап қалуы», яғни шұғыл шаралар қабылдау. Басқарудың барлық әрекеттері кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын арттыруға және капитал құрылымын сипаттайтын көрсеткіштерді оңтайландыруға бағытталған.

Жаңалықтарды үш топқа бөлу және зерттелетін кәсіпорындардың экономикалық жағдайын талдау кезінде жаңа енгізілімдер тобына байланысты инновациялық өзгерістерді іске асырудың ең аз мерзімдерін сипаттайтын көрсеткіштердің шекаралық мәні зерттелді (3 кесте).

Инновация топтары	Топтардың сипаттамасы
Үдерістік (технологиялық) инновациялар	Ескі немесе жаңаларын өндірудің жаңа тәсілдері (технологиялары), яғни өндіріс технологиясы саласындағы инновациялар, үлесі өзгермелі шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін, өнімнің жаңа түрлерін өндіру, өндірістік мүмкіндіктер
Өнімдік (тауарлық) инновациялар	Өндіріс немесе тұтыну салаларында тұтынылатын жаңа өнімдер, сондай-ақ өнім ассортименті мен оның сипаттамаларындағы инновациялар, шығарылатын өнімнің сапасын арттыру, шығару көлемінің өзгеруі
Өндірісті тиімді пайдалану (ұйымдастыру және басқару жүйесі) инновациялары	Басқару жүйесінде қолданылатын жұмыстың жаңа әдістері, яғни кәсіпорынмен тікелей байланысты қызметкерлермен, мемлекеттік құрылымдармен өзара қарым-қатынасында ашықтықты құруға бағытталған кәсіпорынды басқару және ұйымдастыру саласындағы инновациялар

оларды қолданыстағы технологияларды ұштастыруға (оның ішінде зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалануға) негізделуі мүмкін.

Инновациялық қызмет бағдарламасын және жүйелік қайта құруды басқарудың экономикалық тиімділігін бағалау кәсіпорынның инновациялық стратегиясын іске асыру, инновациялық бизнес-бірліктердің қоржынын қалыптастыру, дағдарысқа қарсы басқару, инновациялық қызметті инвестициялық қамтамасыз ету, инновациялық үдерістерді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру инновациялық қызметтің мониторингі кезінде жүргізіледі.

1. Жүргізілген зерттеулер аграрлық кәсіпорындарды дамытудың инновациялық моделін қалыптастырудың теориялық және практикалық мәселелері маңызды шаруашылық мәні бар, оларды шешу өте өзекті болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Аграрлық салада өнімдік инновациялар технологиялық жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді енгізуді қамтиды. Технологиялық жаңа өнім (түбегейлі өнімдік инновация) – бұл технологиялық сипаттамалары (қызмет атқару белгілері, сындарлы орындалуы, қосымша операциялар, сондай-ақ пайдаланылатын материалдар мен құрамдас бөліктер) немесе тұрлаулы жаңасын болжамды пайдалану, не ұқсас сипаттамалардан және бұрын өндірілетін өнімдерді пайдаланудан айтарлықтай ерекшеленетін өнім. Мұндай инновациялар түбегейлі жаңа технологияларға немесе

туралы егжей-тегжейлі түсінік берудің әлеуетті қабілеттілігіне ие.

3. Қазіргі кезеңде аграрлық кәсіпорындардың дамуындағы инновациялардың рөлін арттыра отырып, ескі басқару тәсілдерін қолдануға болмайды. Сондықтан кәсіпорындарға қазіргі және әлеуетті бәсекелестерге қарағанда инновациялар тезірек құру қажет. Алайда, саладағы экономикалық жағдайдың күрделілігі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жұмыс істеуіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі сыртқы және ішкі жүйелі қайта құрудың қажеттілігі туындар отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Bouhali, R. Leader Roles for Innovation: Strategic Thinking and Planning Procedia / R. Bouhali, Y. Mekdad, H. Lebsir, L. Ferkha // Social and Behavioral Sciences. - 2015. - № 181.- P. 72-78.

2 Казиханов, А.М. Современные проблемы инноваций в АПК (теоретические аспекты) / А.М. Казиханов // Фундаментальные исследования.- 2016. - № 8 (2). – С. 336-340.

3 Жақсыбаев, Қ.Р. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық қызметі / Қ.Р. Жақсыбаев // Проблемы агрорынка.- 2018.- №2.- Б. 50-58.

4 Лашкарева, О.В. Реализация инвестиционной политики в сельском хозяйстве Республики Казахстан / О.В. Лашкарева, Г.К. Турысбекова // Проблемы агрорынка. - 2017.- №1.- С. 43-48.

5 Магомедов, А.М. Повышение эффективности использования сельскохозяйственного потенциала региона / А.М. Магомедов А.Г. Бучаев // Управление экономическими системами: электронный научный журнал. – 2015. – № 2. – С. 25–27.

6 Konyrbekov, M.Zh. Innovations in agrarian-industrial complex of the Republic of Kazakhstan / M.Zh. Konyrbekov // Bulletin of the Karaganda University.-2016.- №1(81).-P. 65-72.

7 Кардашова, М.А. Сравнительный анализ логистического и стратегического развития АПК на региональном уровне / М.А. Кардашова, И.Д. Далгатова // Региональные проблемы преобразования экономики. - 2016. - №8.- С. 24-29.

8 Marusova, A.S. Processes in Agro-Industrial Complex/ A.S. Marusova, R.R., Gurina, E.S. Marusova / Collection of conference materials.- M.- 2015. -P. 143-144.

9 Эминова, Э.М. Особенности управления инновационным развитием в АПК региона / Э.М. Эминова, А.А. Баширова, А.И. Белан // Региональные проблемы преобразования экономики. - 2016.- № 5.- С. 49-57.

References

1 Bouhali, R. Leader Roles for Innovation: Strategic Thinking and Planning Procedia / R. Bouhali, Y. Mekdad, H. Lebsir, L. Ferkha // Social and Behavioral Sciences.-2015.- № 181.- P.72-78.

2 Kazikhanov, A.M. Modern problems of innovation in agriculture (theoretical aspects) / A.M. Kazikhanov // Fundamental research.- 2016. - № 8 (2). - P. 336-340.

3 Zhaksybaev, K.R. Investment activity of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan/ K.R. zhaksybaev // Problems of AgriMarket.- 2018.- № 2.- P. 50-58.

4 Lashkareva, O.V. Implementation of investment policy in agriculture of the Republic of Kazakhstan / O.V. lashkareva, G.K. Turysbekova // Problems of AgriMarket.- 2017.- №1.- P. 43-48.

5 Magomedov, A.M. Increasing the efficiency of using the agricultural potential of the region / A.M. Magomedov A.G. Buchaev // Management of economic systems: electronic scientific journal. - 2015. - № 2. - P. 25-27.

6 Konyrbekov, M.Zh. Innovations in agrarian-industrial complex of the Republic of Kazakhstan / M.Zh.Konyrbekov // Bulletin of the Karaganda University.- 2016.- №1(81).-P.65-72.

7 Kardashova, M.A. Comparative analysis of logistics and strategic development of agriculture at the regional level / M.A. Kardashova, I.D. Dalgatova //Regional problems of economic transformation.-2016.-№8.-P. 24-29.

8 Marusova, A.S. Innovative Processes in Agro-Industrial Complex / A.S. Marusova, R.R. Gurina, E.S. Marusova / Collection of conference materials.- M., 2015.- P. 143-144.

9 Eminova, E.M. Typical features of management of the investment development of the AIC of the region / E.M. Eminova, A.A. Bashirova, A.I. Belan // Regional problems of transformation of the economy.- 2016.- № 5.- P. 49-57.